

Э.ғ.д., профессор Ә.Ә.Әлімбаевтың
ҒЫЛЫМИ МЕКТЕБІ

Әлімбаев Әбілда Әмірханұлы 1989 жылы Кооператив институтының Статистика кафедрасының меңгерушілігі лауазымына конкурстан өтіп, институттың ғылыми кеңесі сол жылы профессор атағына ұсынған болатын. 1990 жылы профессор атанды.

1990 жылдан «Экономика және менеджмент» кафедрасында профессор лауазымын атқарды.

1993 жылы ҚазССР ҒА Экономика институты филиалының директоры, профессор Ә.Ә.Әлімбаев өңірде алғаш Диссертациялық кеңес ашады. Кооператив институтының профессорлары Е.Б.Аймағамбетов, В.Д.Ли, М.Г.Лернер, Цхай осы кеңестің мүшелері болды.

2000 жылы Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің ректоры, э.ғ.д., профессор Е.Б.Аймағамбетовтың қаржылық қолдауы жағдайында Өңірлік даму ғылыми-зерттеу институты құрылды.



Аумағы үлкен және шексіз созылып жатқан Қазақстан үшін өңірлік саясат әрқашан зор маңызға ие болды. Өңірлік саясатқа деген жоғары қызығушылық бірқатар объективті себептермен түсіндіріледі. Мәселен, республикадағы он жылдағы экономикалық өсу оның өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы үйлесімсіздіктерді төмендетуге әкелмей, керісінше, оларды онан сайын күрделендіріп, қиындатып жіберді. Осы міндеттерді шешу мемлекеттік билік органдары тарапынан белгілі бір қадамдар жасауды қажет етті. Соған қарамастан, экономикалық дағдарыс өзінің түзетулерін жасап, өңірлік проблематиканың өзектілігі арта түсті. Одан да қиыны, дағдарыс әртүрлі өңірлерде әртүрліше көрінді және ендігі уақытта қалыптасқан өңіраралық айырмашылықты ескермеу мүмкін емес еді.

Жоғары білім беру жүйесі ҚЭУ-мен кооперация тереңдей түсіп, өңірлік даму ҒЗИ ғылыми білім беру консорциумын құру туралы шарт жасасты. Институт қызметкерлерінің Қазтұтынуодағы ҚЭУ-дегі білім беру процесіне белсене қатысуы, сондай-ақ Институт қызметкерлері мен Қазтұтынуодағы ҚЭУ-мен бірлескен негізде ғылыми зерттеулер орындау, аталмыш шарттың нәтижесі болды.

Зерттеу нәтижелері бойынша: «Өңірдің әлеуметтік-экономикалық жүйесін орнықты дамыту стратегиясы», «Қазақстан Республикасының қоғамдық секторында институционалдық әріптестікті дамыту», «Экономиканы инновациялық дамыту» сияқты көптеген ғылыми мақалалар мен монографиялар жарияланды.

Қазіргі уақытта университетте Ә.Ә.Әлімбаев ғылыми консультанты болған, экономика ғылымдарының докторлары мен кандидаттары, профессорлар: Т.П.Притворова, З.А.Сальжанова, А.А.Таубаев, Х.С.Сералиев, Б.Б.Досқалиева; Д.Н.Улыбышев, Ж.М.Омарханова, А.М.Рахметова, Р.А.Орымбекова, Б.Е.Солтанбекова, Ж.К.Тұтқышева, Н.Д.Кенжебеков жұмыс жасайды.

Әлімбаев Әбілда Әміржанұлы мен оның ғылыми мектебі, елді индустриялы жаңғыртудың жаңа сатысында Қазақстан экономикасының инновациялық дамуының методологиялық және теориялық проблемаларын зерттеуде елеулі үлес қосты. Оның шығармашылық кезеңінің бүкіл ғылыми-тәжірибелік қызметінде 270-тен аса ғылыми еңбектері жарияланды.